

Пайдаланушы нұсқаулығы

Corsair қуат беру блогы

TX550M, TX650M, TX750M, TX850M

Құрылғының қолданылуы

Жүйелік блоктың қуат блогы ДК барлық компоненттерін желілік кернеуді түрлендіру жолымен электр энергиясымен қоректендіруге арналған. Қуат беру блогының тұрақтылығын және жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін, қателерге жол бермеу, сондай-ақ өнімнің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	Тұрақты ток кірісі	Тұрақты ток шығысы					Жалпы күш
		+3,3 В	+5 В	+12 В	-12 В	+5Vsb	
RPS0068	100-240 В (AC), 47-63 Гц, 10-5 А	25 А	20 А	43 А	0,8 А	3 А	550 Вт
		120 Вт		516 Вт	9,6 Вт	15 Вт	
RPS0069	100-240 В (AC), 47-63 Гц, 10-5 А	25 А		51 А	0,8 А	3 А	650 Вт
		130 Вт		612 Вт	9,6 Вт	15 Вт	
RPS0070	100-240 В (AC), 47-63 Гц, 10-5 А	25 А		62 А	0,8 А	3 А	750 Вт
		130 Вт		744 Вт	9,6 Вт	15 Вт	
RPS0067	100-240 В (AC), 47-63 Гц, 12-6 А	25 А		70,8 А	0,8 А	3 А	850 Вт
		130 Вт		849,6 Вт	9,6 Вт	15 Вт	

Жиынтықталымы

- Қуат блогы.
- Айнымалы тоқ қуаттау кабелі.
- Тұрақты токтың модульді кабельдерінің жиынтығы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Орнату

А әрекет. Қолданыстағы қуат блогын алу.

Жаңа жүйені құру кезінде Б әрекетіне өтіңіз.

1. Айнымалы ток сымын қабырға розеткасынан немесе ИБП-дан және қолданыстағы қуат блогынан ажыратыңыз.
2. Барлық қуат кабельдерін бейнетөлемнен, аналық тақшадан және барлық басқа шеткері құрылғылардан ажыратыңыз.
3. Корпус нұсқаулығындағы нұсқауларды орындаңыз және қолданыстағы қуат блогын алыңыз.
4. Б әрекетіне өтіңіз.

Б әрекет. Қуат блогын орнату.

1. Айнымалы токтың қуат кабелі қуат блогына жалғанғанбағанына көз жеткізіңіз.
2. Корпусқа арналған нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз және жеткізілетін жинақталған бұрандалардың көмегімен қуат блогын орнатыңыз.
3. Негізгі 24-түйіспелі қуат кабелі аналық тақшадағы 24-түйіспелі немесе 20-түйіспелі сокетті қолдау үшін алынбалы 4-түйіспелі механизммен жабдықталған.
 - А. Егер аналық тақшада 24-түйіспелі сокетпен жабдықталса, 24-түйіспелі негізгі қуат кабелін тікелей аналық тақшаға қосуға болады.
 - В. Егер аналық тақшада 20-түйіспелі сокет болса, 4-түйіспелі кабельді 24-түйіспелі ағытпадан ажырату керек, содан кейін 4-түйіспелі ағытпаны қоспай 20-түйіспелі кабельді аналық тақшаға қосу керек.
4. 8-түйіспелі +12В (EPS12V) кабелін аналық тақшаға жалғаңыз.
 - А. Егер аналық тақшада 8-түйіспелі +12 В сокет болса, 8-түйіспелі кабельді тікелей аналық тақшаға жалғаңыз.
 - В. Егер аналық тақшада 4-түйіспелі сокет болса, 4-түйіспелі кабельді 8-түйіспелі кабельден ажырату керек, содан кейін осы 4-түйіспелі кабельді тікелей аналық тақшаға қосу керек.
5. Шеткері құрылғылардың кабельдерін, PCI-Express кабельдерін және SATA кабельдерін жалғаңыз.
 - А. Шеткері құрылғылардың кабельдерін қатты диск пен CD-ROM/DVD-ROM қуат сокеттеріне жалғаңыз.
 - В. SATA кабельдерін қаттыденелі жинақтаушының немесе SATA қатты дискілерінің қуат сокеттеріне жалғаңыз.
 - С. Қажет болса, PCI-Express бейнеплаталарының қуат сокеттеріне PCI-Express кабельдерін жалғаңыз.
 - D. Шеткері құрылғылардың кабельдерін кішкене 4-түйіспелі ағытпаны қажет ететін кез келген шеткері құрылғыларға жалғаңыз.
 - E. Кабельдердің берік жалғанғанына көз жеткізіңіз. Болшақта компоненттерді қосу үшін барлық пайдаланылмаған модульдік кабельдерді сақтаңыз.

6. Айнымалы ток бауысымын қуат блогына жалғаңыз және қосқышты қосу қалпына ауыстыру арқылы жалғаңыз («I» белгісімен белгіленген).

Кепілдік мерзімі

CX и CX-M Series модельдердің қуат блогтары.

Қуаттылығы 400 Вт, 430 Вт, 500 Вт және 600 Вт құрылғылар үшін кепілдік мерзімі 3 жылды құрайды.

Қуаттылығы 450 Вт, 550 Вт, 650 Вт, 750 Вт және 850 Вт құрылғылар үшін кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды.

HX Series қуат блогы.

Тиімділігі Platinum деңгейіндегі сертификатпен расталған модельдер үшін кепілдік мерзімі 10 жылды құрайды.

HX520W, HX620W және HX1000W модельдері үшін кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды.

HX Series-тің барлық басқа модельдері үшін кепілдік мерзімі 7 жылды құрайды.

RM Series қуат блогы.

2019 жылға дейін сатып алынған модельдер үшін кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды.

2019 жылы және одан кейін сатып алынған модельдер үшін кепілдік мерзімі 10 жылды құрайды.

RMi Series қуат блогы үшін кепілдік мерзімі 10 жылды құрайды.

RMx Series қуат блогы үшін кепілдік мерзімі 10 жылды құрайды.

SF Series қуат блогы кепілдік мерзімі 7 жылды құрайды.

TX Series қуат блогы.

Тиімділігі Gold деңгейіндегі сертификатпен расталған модельдер үшін кепілдік мерзімі 7 жылды құрайды.

Барлық басқа TX Series қуат блогтары үшін кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды.

VX Series қуат блогы (VX450 және VX550 модельдері) үшін кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау (орнату) тәсілі пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі аралықта және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында орындалуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.

- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу авторластырылған сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. ықпал етуінен сақтаңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Корсэйр Компонентс, Инк.

47100, Бейсайд Паркуэй, Фримонт, Калифорния, Америка Құрама Штаттары.

Жасаушы кәсіпорын: Чэннел Вэлл Тэкнолоджи (Гуанчжоу) Ко., Лтд.

Ул. Цзэнцзян, В ғим., жоғары технологиялар шығыс өнеркәсіптік базасы Гуанчжоу қ., Цзэнчэн, Қытай.

Дайындаушы уәкілеттік берген тұлға: «ГОЛДСТРИМ» АҚБ

141401, Ресей, Мәскеу облысы, Химки қаласы, Рабочая көш., 2А үй, 22А корпус, 104 В кеңсе. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016

«Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.

V.1